

Р. Ілдібаев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Рахметуллаев, ІІО басқару кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Құқықтық мәдениет — бұл халықтың жалпы мәдениетінен ажыратылмайтын бөлігі, оның даму сатысымен шағылысып, бастапқысына негізделетін халықтың менталитеті. Халықтық мәдениеттің қалыптасуы саясаттық, моральдық, эстетикалық атты мәдениеттің басқа түрлерінің дамуынан оқшауланған процесс емес, бұл кешенді мәселе. Оларды біріктіретін бірнеше қауымдық мақсаттары бар. Олар қоғам алдында жауаптылықпен ұштастыратын және жеке тұлғаның шынайы еріктілігіне кепіл беретін қоғам арасында моральдық-құқықтық жағдайын орнатады, оның құқығын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, оның беделін қадірлейді, сонымен қатар, адамды экономикалық, әлеуметтік, саясат, мәдениет процестерінің ортасына кіргізеді.

Маманның құқықтық мәдениеті қоғам мүшесінің әлеуметтік-құқықтық кезеңін, мемлекеттік, әлеуметтік өмірінің құқықтық бастамасын меңгеру және пайдалану кезеңін, Конституция және өзге де заңдарын сипаттайды.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық білімі мен түсінігін білдіре ғана қоймайды, ол сонымен қатар, әлеуметтік құндылық негізіндегі құқықтық пікірді және ең бастысы — оны қалыптастыруда белсенді жұмыс атқаруды, құқықтық тәртіппен құндылықты нығайтуды білдіреді.

Құқықтық мәдениеттің түрлері.

Құқықтық мәдениет төмендегідей ажыратылады:

- қоғамның құқықтық мәдениеті;
- жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті;
- кәсіби маманның құқықтық мәдениеті;

Қоғамның құқықтық мәдениеті — құқық айналасында белгілі қоғамның шынайы құқыққа жатқызылған, адамзат баласы жинаған бағалы жүйесін елестететін мәдениеттің жалпы бөлігі.

Құқықтық мәдениет берілген әрбір кезде, құқықтың шынайы берілген өткірлеуінде «қатысады», жалпы алғанда онымен сәйкес келмейді, алайда оның ішінде құрамды бөлім ретінде жүзеге асады.

Қоғам мәдениеті жеке тұлғалардың, ұжымдардың және басқа да құқықтық субъектілердің белсенділігінің әлеуметтік-құқықтық нәтижесі болып табылады.

Маманның құқықтық мәдениеті — бұл заңдылық қызметін қамтамасыз ететін қоғамның себепті құқықтық мәдени кезеңі және маманның озықты құқықтық дамуының сипаты.

Маманның құқықтық мәдениетін құрастырушылар:

- құқықтық сана және құқықтық ойлау;
- заңдылық тәртіп;
- заңдылық тәртіп пен құқықтық ойлаудың нәтижесі.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті (жалпы және кәсіби арнайы) төменде көрсетілгендерден қалыптасатын заңдылық тәртібінің мәдени стилін өндіруге мүмкіндік тудырады:

- қоғамның құқықтық мәдениетін меңгеру және айқындау кезеңі.
- Кәсіби қызметінің өзгешелігі.

Заңдылық тәртіптің мәдени стилі — құқықтық нормалармен анықталған, заңдылық тәртіп аумағында нұсқаулық таңдау ерекшелігінде лебіз білдіретін, әрдайым заң тәртібіндегі қағидаларды сақтауын, өмірдегі мәселелерді ерекше шешуін сипаттайды.

Кәсіби құқықтық мәдениет — арнайы білімді және тәжірибелік дайындықты қажет ететін, заңдылық қызметімен кәсіби айналысатын адамдардың ұжымдық қасиеті, мәдениет формаларының бірі.

Кәсіби құқықтық мәдениетіне кәсіби қызметтің аумағына сәйкес келетін жоғары білім деңгейі мен құқықтық құбылыстарды түсінушілік жатады. Сонымен қатар, әрбір заңды маман өзінің іскерлік өзгешелігіне ие және оның түрлі өкілдері құқықтық мәдениет ерекшелігіне себепші болады (соттардың, прокурорлық қызметкерлердің, Ішкі істер органдары қызметкерлерінің, адвокаттардың және т. б.). Оның ішінде кәсіби мәдени сатысы мысалға, полиция бөлімшелеріндегі түрлі офицерлерде бақыланады: қылмыстық, қоғамдық қауіпсіздік, көліктік, мемлекеттік көлік инспекциясы, қорғау бөлімшелері, арнайы полиция. Мысалы, көлік инспекциясының кәсіби мәдениет қызметкерлері қылмыстық полиция бөлімшесінің іспеттес мәдениет қызметкерлерінен ерекшеленеді. Жалпы заңдылықта алатын орны: полиция қызметкерлерінің кәсіби мәдениет сатысында.

Кәсіби құқықтық мәдениетіндегі ең бастысы — құқықтық жоғары орында тұруы болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің 3 түрін ажырата отыра, шынайы өмірде олардың бір-бірімен тығыз байланысқанын есте сақтаған жөн: құқықтық мәдениет әлеуметтік құбылыс ретінде біртұтас; қоғамның құқықтық мәдениеті оның мүшелері (жеке тұлғаның, топтардың) құқықтық мәдениеттен тыс жүзеге аспайды; азаматтардың және олардың кәсіби топтарының құқықтық-мәдениет қызметінің шартты нәтижесі болып табылады.

Маманның мәдениеті қоғамның құқықтық мәдениетінен ажыратылмайды. Қоғамның құқықтық мәдениет сатысы ішкі істер органдары қызметкерінің кәсіби сатысы азаматтың және қоғам мәдениетінің құқықтық жағдайына байланысты болады.